



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 20 наурыздағы
№ ДС-124 бойынша

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Квазимемлекеттік секторды реформалауға қатысты бірінші мәселе бойынша

Бүгінгі таңда квазимемлекеттік секторда (бұдан әрі – КМС) 6,4 мыңға жуық субъект тіркелген, оларға 400-ге жуық қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат берілген.

Үкімет жекешелендіру және жекелеген қызмет түрлеріне шектеулер енгізу шараларымен қоса ел экономикасына мемлекеттің қатысу үлесін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Осы мақсатта монополияға қарсы орган тарапынан жүргізілген талдау нәтижелері бойынша негізінен стоматология, тұрмыстық қатты қалдықтар және басқа да салаларда бәсекелес ортаға беруге жататын 43 кәсіпорыннан тұратын тізбе жасалды.

КМС реформалау жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде мемлекеттік активтер мен КМС басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы (баяндама қызмет тиімділігін кешенді талдауды, қаржылық және қаржылық емес қызметтің нәтижелерін, әлеуметтік және өзге де міндеттерді орындауды қамтиды) қалыптастыру және Парламентке жыл сайын ұсыну бойынша заңнамалық және әдіснамалық база құрылды (2024 жылдан бастап).

КМС субъектілерінің аражігі «экономикалық» және «экономикалық емес» санаттар мен қызмет түрлері (әлеуметтік, қосалқы, ғылыми, инфрақұрылымдық, инвестициялық) бойынша ажыратылды.

Анықтама: КМС экономикалық емес субъектілеріне мыналар жатады:

- 1) әлеуметтік – халыққа мемлекет тарапынан қызмет көрсететін субъектілер;*
 - 2) қосалқы – салалық бағытта мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру мақсатында орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарға қызмет көрсететін субъектілер;*
 - 3) ғылыми;*
- КМС экономикалық субъектілері:*

1) қоғамдық және аса маңызды инфрақұрылым объектілерінің экономикалық ұйымдары (инфрақұрылымдық ұйымдар);

2) стратегиялық инвестициялық бағыттағы ұйымдар (инвестициялық ұйымдар).

Қазіргі уақытта мемлекеттің ел экономикасына қатысуын анықтау үшін қолданылатын әдістемелік ұсынымдарға (2017ж. 3 тамыздағы № 392 ҚР ҰЭМ бұйрығы) өзгерістер әзірленді.

Аталған өзгерістерге сәйкес акционерлік қоғамдар (300), серіктестіктер (600), сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар есепке алынатын болады (1,3 мың).

Бұл әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыруға байланысты субъектілердің қазіргі жіктелуін коммерциялық және коммерциялық емес бағытқа және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуына байланысты ажыратуға мүмкіндік береді.

Жалпы КМС реформалау жөніндегі іс-шараларды іске асыру кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын кезең-кезеңімен шектеу бойынша ұстанымдар әзірлеуге мүмкіндік береді, олар ҚР Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының әзірленген жобасында көрініс тапты.

Жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындардың мақсаттары мен міндеттеріне талдау жүргізуге, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар және квазимемлекеттік компаниялар үшін рұқсат етілген қызмет тізбесін қайта қарауға қатысты екінші және үшінші мәселелер бойынша

Кәсіпкерлік кодексте «Yellow pages» қағидаттары, яғни ел экономикасындағы бизнес қатысатын салаларда мемлекеттің қатысу үлесін азайтудың негізі бекітілген.

Экономиканы ырықтандыру шеңберінде (Үкіметтің а.ж. 7 ақпандағы кеңейтілген отырысында жарияланған Мемлекет басшысының тапсырмасы) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының тұжырымдамалық тәсілдері заңнамада бекітіліп, мыналар ескерілетін болады:

бәсеке мен ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына мемлекеттің субсидиялық қатысуы;

стратегиялық және әлеуметтік объектілерді қоспағанда, нарық субъектілеріне уақытша қатысу;

мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттерін және олардың жетістігін бағалау кезеңділігін айқындау;

тиімді жекешелендіру үшін экономикалық жағдай жасау.

Баяндалғанды ескере отырып, ағымдағы жылы әлеуметтік және стратегиялық объектілерді қоспағанда, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ кәсіпорындарын қоса алғанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауар нарықтарына қатысуының орындылығы тұрғысынан талдау жүргізілетін болады.

Жекешелендіру саласындағы ашықтықты қамтамасыз етуге және қызметтерді цифрландыруға қатысты төртінші мәселе бойынша

Жекешелендіру процесінің ашықтығын арттыру мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілері туралы толық мәліметтерді міндетті түрде қосу, электрондық сауда-саттыққа қатысуға кепілдік жарналарды пайдалану үшін заманауи «электрондық әмиян» технологиясын енгізу, сондай-ақ мемлекеттік мүлік тізілімінің мобильді қосымшасын іске қосу арқылы мемлекеттік мүлік тізілімін кеңейту жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.Т. Жаңбыршин «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына жекешелендіру рәсімдерін жетілдіруге бағытталған мынадай түзетулер енгізуге бастама жасады:

мемлекеттік мүлікті тікелей атаулы сату және кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру арқылы жекешелендіруді көздейтін нормаларды алып тастау;

кепілдік жарнаның мөлшерінен төмен болмайтын ең төменгі бағаны белгілеу;

үлестес тұлғалардың аукциондар мен сауда-саттыққа қатысуына тыйым салу;

жүргізілетін сауда-саттықтар санын ұлғайту және бастапқы құннан ең төменгі баға белгілеу;

жеке кәсіпкерлік субъектілері жекешелендіру процесіне бастама жасай алатындай мемлекеттік мүліктің өтінімдер тізбесін қалыптастыру.

Мұндай шаралар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға, жекешелендіру саласындағы қызметтердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

КМС қызметінде корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысты бесінші мәселе бойынша

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында келесі тәсілдер арқылы ашық және болжамды тағайындаулар жүйесі құрылатын болады:

акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін қалыптастыру;

тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі мен критерийлерін белгілеу;

директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне сыйақы деңгейін айқындаудың және шығындарын өтеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу;

корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды енгізу;

директорлар кеңесіне (байқау кеңестеріне) тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) таңдау бойынша конкурс өткізу.

Бұл шаралар бәсекелестікті одан әрі дамыту, мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, корпоративтік басқаруды жетілдіру және КМС субъектілері қызметінің ашықтығы және транспаренттілігі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, сіздердің квазимемлекеттік сектордағы жұмыс істеп тұрған субъектілерге толық ревизия және талдау жүргізу, олардың қызмет түрлерін қайта

қарау, цифрландыру арқылы жекешелендіру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз қолдау табады.

О. Бектенов